Қазақ арасында неке құрудың бір түрі ертеректе көрші халықтармен жиі болып тұрған соғыстар мен шабыстарда қолға түскен тұтқын қыз, келіншектерге үйлену болып табылады. Қолға түскен тұтқын қыз, келіншектерді ең алдымен соғысқа қатысқан батырлар бөлісетін де, одан қалғандарын ел шетіне кірер-кірместе алдымен сауғалап шыққан туыстар алатын. Тұтқынға түсіп батырлар үлесіне не сауғаға тиген жас қыздармен неке құратын болса, мосқал тартқандарының күні күндікте өтетін. Діні, тілі, әдет-ғұрпы, салт-санасы бөлек қалмақ қыздарының қазаққа сіңісіп кеткендері туралы қазақ арасында ауыз-әңгімелер өте жиі кездеседі.

Мәселен, «Бөгенбай батыр» жырында немесе Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында қолға түскен қыз келіншектерді бөлісу мәселесінде олардың кейбіреулеріне таңдау беретіндігі сөз болады.

Орта Азия және Қазақстан жеріндегі халықтар арасындағы феодалдық шапқыншылықтардың келе-келе сиреуіне байланысты біртіндеп қолға түскен тұтқын қыз-келіншектермен неке құру түрі де сиреді, бара-бара мүлдем жойылды. Әсіресе, XVIII ғ. ортасында Жоңғар мемлекетінің күйреуіне және Қазақстан жерінде Ресей үстемдігінің орнауына байланысты феодалдық соғыстардың тыйылуы тұтқындарға үйлену мүмкіндігін мүлде жойды.

Ата-анадан ерте қалып, жетімшіліктің, жоқшылықтың зардабын басынан өткізген жарлы жігіт әдетте қалыңмал беріп әйел алуға, өз бетімен үй болуға көбінесе мүмкіндігі болмайтын. Сондықтан олар көп жыл бойы жалға жүріп, үйлену үшін мал табуға кіріседі. Кейде олар қызы бар, ұлы жоқ адамдарға бірнеше жыл қалыңмал үшін қызмет істеп, қызын алатын. Мұндайлар көбінесе қайын атасының қолына кіріп, жұмысын істеп жүріп қызына үйленетін, ондай күйеулерді «күш күйеу» деп атаған. Өз елінде жанашыр жақыны жоқ жарлы жігіттер бөтен елде кәсіп қуып жүріп үйленіп, қайын жұртында қалып қойса, оны кірме күйеу деп атандыратын.

Сойтіп қазақ арасында кездесетін күш күйеу де, кірме күйеу де негізінен жарлылық пен жетімдік, жалғыздықтың нәтижесінде болатын.

Қазақ әдетінде қыз күйеудің жас шамаластығына көбіне қарамайтын. Өйткені байлыққа масаттанған, егде тартқан байлар жоқшылық зардабынан қысылған жарлылардың жас қызын төсек жаңғырту ниетімен әйел үстіне, немесе әйелі өлгеннен соң малға жығып алатын. Мұндай жағдайда 13-15 жасар қыздарды 50-60 жасар шалдар айттырып алатын әділетсіздіктер жиі кездесіп тұратын. Осындай қыршын қыздар тағдырының тіпті әкесінен үлкен, озбыр қарттарға душар болуының негізгі себебі, қыз әкесінің сирағы шыққан кедейлігі, өгейлігі не жетім қыздың жштғыздығы екендігін көптеген архив деректері де дәлелдейді.

Айттыру арқылы қосылған ерлі-зайыптылардың жас ерекшелігі кейде керісінше болады, яғни әйелі ерінен әжептәуір үлкен болады. Мұндай жағдайда көбінесе, әменгерлік әдетпен үйлендіру тәртібіне байланысты болатын. Жасы келген уақытта жеңге алғандықтан олардың арасындағы жас ерекшелік онша қозға түспейді. Ал, ағасы өліп жесір қалған жеңгені ержеткен әменгері болмағандықтан, жас балаға қосып, некесін қиғандағы жас ерекшелігі кейде тіпті алшақ жатады. Мәселен, 17-40 жасар әйелдерді 13-15 жасар балаларға қосу туралы деректерді тағы да архив қазынасынан кездестіреміз. Кейде үй шаруасына қарайтын кісісі жоқ байлар жас баласына бой жеткен кедей қызын айттырып алып беретін. Мұндайда 16-17 келген қыздың күйеуі 12-13 жастағы бала болатын.

Әрине ерлі-зайыпты адамдардың жас ерекшеліктерінің тым алшақтығын көпшілік халық қолдай бермейтін. Әділетсіз некеден жапа шегіп жүрген жас келіншектерге қалың малы толық берілген соң, бақырдың өзінен басқа ешбір ара түсуші болмайтын. Қалыңмал некелесудің басты факторы болғандықтан, кімнің малы көп, соған тиімді еді. Яғни байлардың қатарынан бірнеше әйел алуға мүмкіндігі болса, кедейлердің бір әйелге қолдары әрең жететін. Есесіне, әйел саны неғұрлым көп болса, байдың шаруасы да шалқып, көркейе берген, жұмысшы қолынан еш мұқтаждық көрмеген. Көбінесе мұндай әйелдер өз үйінде балалары мен бөлек тұра беретін де, күйеуі оның шаруашылығына қамқорлық жасап, өзінің бір үйі есебінде келіп тұратын. Алайда, күндестер арасы өсек-аянсыз болған емес. Олардың балалары да көбіне бір-біріне суық, қырғи-қабақ келеді. «Екі қатынның баласы, екі рулы ел» деген де осынайдан шықса керек.

1. *Құлыпелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. - Алма-Ата, 1955.*
2. *Сартаев С, Өзбекұлы С. Материалы по истории государства и права Казахстана. - Ачматы, 1994.*
3. *Қазақ әдет-ғұрып ңұңығының материалдары. 1996.*
4. *Аргынбаев Х.А. Қазақ. халқындағы семья мен неке. - Алматы, 1973.*
5. *Материалы по казахскому обычному праву. - Алма-Ата, 1948.*
6. *Қазақ. халқының салт-дәстүрлері. - Алматы: Рауан, 1994.*
7. *Өзбекұлы С Тәуке хан Жеті Жарғы. - Алматы: Санат, 1994.*
8. *Өсерұлы Н. Жеті Жарғы. - Алматы: Жеті жарғы, 1995.*

Резюме

Статья посвящена исследованию вопроса брака и семьи по казахскому обычному праву. Рассматриваются основные формы брака по обычному праву казахов в средние и более поздние века.

Summary

Clause is devoted study of a question of a marriage and family under the Kazakh usual right. The basic forms of a marriage under the usual right of the Kazakhs in the Middle Ages are considered.

ЖАЛПЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

К.А.Нұрлыбай -

Абай атындағы ҚазҰПУ, мемлекет ж?-. - '-у:-:ық теориясы мен тарихы кафедрасы

Жалпы құқықтық жүйе немесе әдебиеттерле қалыптасып англосаксондық құқықтық жүйе деп аталып кеткен құқықтық жүйе әлемде кең таралған. ежелгі және қазіргі кезеңде әсері күшті құқықтық жүйелердің бірі. Қазір әлемдегі елдердің үштен бірі жалпы құқықтық жүйе тобына жатады. Жалпы құқықтық жүйе Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия т.б. көптеген мемлекеттерде ұзақ ғасырлар бойы әрекет етіп келеді. Ол елдерде стаіупық құқық пен жалпы құқық қосылып, жергілікті құқыққа бейімделеді. Сондықтан да біздің елде жалпы құқықтық жүйеге көшу туралы мәселе көтерілген болатын.

Жалпы құқықтық жүйе бүгінге дейін англо-саксондық құқықтық жүйе деп атала береді. Россияда және елімізде жарық көрген «Мемлекет және құқық теориясы» пәнінен жарық көрген оқулық, оқу құралдарында да англо-саксондық құқықтық жүйе леп берілген [1]. Бірақ бүгін саксондық құқық өмір сүріп отырған жоқ, саксондық құқық Англия дамуының феодадық дәуіріне сай келеді. Сондықтан «жалпы құқық» және «англосаксондық құқық» деген терминдер синоним ретінде қолданыла бергенімен құқықтық жүйені «жалпы құқықтық жүйе» деп атағанды дұрыс деп есептейміз. Жалпы құқықтық жүйе деген терминді айналымға енгізген француз компаративісі Рене Давид [2, 207].

«Жалпы құқық» деген термин кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынасында жалпы құқық дегеніміз роман-герман құқықтық жүйесіне қарсы тұрған жеке дербес құқықтық жүйе.

«Жалпы құқық» тар мағынасында Ұлыбританияда қалыптасқан англосаксондық құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі. Бұл мағынада Парламент қабылдаған жазбаша актілерге қарсы тұрған құқық болып табылады.

Жалпы құқық немесе ағылшын-америка құқықтық жүйесі 2-ге жіктеледі. Бірінші топқа жататын: Англия, Британия достастығының 36 мемлекеті. Соңғысікі Ирландия, Жаңа Зеландия, Шотландия, Канада (Квебектен басқасы). Англия ірі отарлаушы мемлекет болтаны белгілі, сондықтан өз отарларында ағылшын құқығын күштеп енгізген болатын.

Екінші топқа жататын АҚШ құқықтық жүйесі, негізі ағылшын құқығы болғанымен француз компаративісі, «Салыстырмалы құқықтанудың» ғылым саласы ретінде негізін қалаушы Р.Давид және өзбек ғалымы А.Х.Саидов қазір жеке құқықтық жүйе есептейді [3].

Жалпы құқықтық жүйенің ерекшелігі келеек, роман-герман құқықтық жүйесінен айырмашылықтарымен қатар ұқсастықтары да бар. Дегенмен бүтін айырмашылықтары азайып, жетекші екі құқықтық жүйе өзара жақындасып келеді.

Екі құқықтық жүйенің ұқсастыратыш өркениет ұқсастығы. Жалпы құқықты қалыптастырған Англия мен роман-герман құқықтық жүйесі қалыптасқан континентальдік Европада ғылым, техника мен өнердің, кейбір әлеуметтік және саяси құқық теориялар мен принциптердің даму дәрежесі бірдей. Англия мен Европа христиан дінін ұстанады. яғни діни негізі-христиандық. Орта ғасырларда Рим шіркеуінің ықпалында болған Англия кейін протестантизмді мойындады. Протестантизмді Батыс Еуропаның кейбір мемлекеттері қазірге дейін Англия мен Батыс Еуропа елдерінің аумағында протестантизм үстемдік еткенімен лін еркіндігіне кепілдік берілген.

Жалпы құқықты оқып-үйрену ағылшын-америка оқып-үйренуден басталады. Сондықтан жалпы құқықты жақсы түсіну үшін оның тарихын жақсы білу керек. Ал жалпы құқықтың тарихы XVIII ғасырға дейін ағылшын құқығының тарихы болып табылады. Англияның құқықтық жүйесі «жалпы құқық» деп аталады. Сөйте тұра жалпы құқық деген терминді ағылшын құқығы немесе британ құқығы деп қарауға болмайды. Ағылшын құқығы Англия мен корона мұрасы-Уэльсте ғана әрекет етеді. Соған қарамастан ағылшын құқығы жалпы құқықтық жүйенің негізгі ядросы, фундаменті [Р.Д.,]. Жалпы құқық XIII ғ. дейін Ұлыбританияда дамыды, сондықтан да ағылшын құқығы жалпы құқықтың моделі болып табылады.

Роман-герман құқықтық жүйесі құқығының негізгі қайнар көзі заңды күшіне енген заң болса, жалпы құқықтың негізгі қайнар көзі-судьялар қалыптастырған және сот процесінде көрініс тапқан нормалар. Ағылшын құқығы рим құқығы сияқты «қорғау бар жерде ғана құқық бар» деген принциппен қалыптасқан. Сондықтан ағылшын жалпы құқығы (Common Law) әділет құқығының қағидаларымен толықтырылып жетілдірілген, соттар қалыптастырған құқық. Статуттық құқықпен қатар өмір сүріп келе жатқанына қарамастан бүгін статуттық құқықтың белсенділігі арта түскендігін байқауға болады.

Жалпы құқықтың дамуы шартты түрде 4 кезеңге бөлінеді:

- жалпы құқықтың пайда болуының алғышарттарының қалыптасуы (хронологиялық жағынан 1066 жылға дейін);
- жалпы құқықтың қалыптасып орнығу кезеңі (1066 жылдан 1485ж. дейін);
- жалпы құқықтың дәуірлеу кезеңі (1485-1832жж. аралығы);
- жалпы құқықтың статуттық құқықпен қатар өмір сүруі; жаңа жағдайларға бейімделуі (1832 жылдан бүгінгі күнге дейін).

Ағылшын құқығының даму кезеңдеріне сәйкес оның құрылымы:

- англо-саксондық құқық (V-XIғғ.);
- жалпы құқық (XI-XVғғ.);
- әділет құқығы -жалпы құқықты толықтырып, реттеп отырды (XV-XIXғ. I жартысы);
- статуттық құқық-Парламент қабылдаған жазбаша актілер.

Англо-саксондық құқықтың ерекшелігі-құқықтың қайнар көзі-варвар тайпаларының әдет-ғұрпы, корольдің актілері. Яғни жергілікті құқықтың үстемдігі, барлығына ортақ заңнама болған жоқ. 4 ғасыр бойы Римнің үстемдік еткеніне қарамастан рим құқығы Англияда құқықтың негізі бола алмады. Сөйте тұра Рим мәдениеті ағылшын мәдениетінің дамуына әсер етпей қойған жоқ. Римдік тер жергілікті халықпен араласып, сіңісіп кетпеген. Ал рим құқығы жаулап алушының құқығы болғандықтан метрополия билігінің атрибуты ретінде қабылданған.

V ғ. басында рим легиондарының Англиядан кетуіне байланысты рим құқығы қолданыстан шығады. Өйткені рим құқығы жаулап алушылар құқығы еді.

Англо-саксондық құқықтың аз зерттелгеніне қарамастан герман тайпаларының құқығы арқылы рим құқықтық мәдениеті англо-саксондық құқықтың қалыптасуына әсер етті.

VI ғ. соңында (696ж.) Англия христиан дінін қабылдауына байланысты король билігі әділсот пен әділеттің жоғары қайнар көзі болғандықтан шіркеу актілері мен сот шешімдерінің маңызы арта түседі. Заң актілері латын тілінде емес, англ-сакс тілінде жазылып қабылданады. Алғаш қабылданған жазбаша актілер-Этельберт заңдары (600ж.), Инэ заңдары (VIIғ.), орталықтандырылған мемлекеттің алғашқы құқықтық ескерткіші-Альфред заңдары, XIғ. король Кнуттың заңдары жергілікті заңдар болып табылады.

Аталған заңдарда қоғамның элеуметтік жіктелу, қоғамның феодалдану, мемлекеттің қалыптасу және христиан дінінің әсері өз көрінісін тапты.

XIғ. құрылған англо-саксондық мемлекет-Англияға жеті корольдік бірігеді. Ол корольдіктердің әдет-ғұрпы мен заңдары жинақталады. Король актілері олардан жоғары тұрады. Король сарайы елді басқару орталығына айналып, король жақындары мемлекеттегі жоғары лауазымдарға ие болады. Мемлекетті орталықтандырдың алғышарттары пайда болып, бүкіл мемлекет аумағына тарайтын құқықты қалыптастыру қажеттілігі туындады. Бірақ деректер норманндар жаулап алғанға дейін елде ортақ заңнама болмағандығын хабарлайды.

2-кезең-ағылшын құқығының қалыптасу кезеңі-Англияны норманндар жаулап алғанын кейінгі дәуір. Король Вильгельм I өзін жаулап алушы ретінде емес, англсакстардың заңды мұрагері деп жариялап, бүкіл жерге иелік етеді, Мұрагер ретінде англсакстық құқықты сақтап қалуға күй салады, бүкіл жердің иесі ретінде жерді бөліп беру құқығына ие болады. Үлестік жер алғандар корольге адал болуға ант беріп, пайдалануға жер алғаны үшін корольге қызмет етуге немесе алым-салық төлеуге міндеттенеді.

XIII ғ. бастап Англияда феодал (fee-меншікке абсолюттік құқық) деген ұғым пайда болады. Феодал-жер учаскесін пайдалану құқығы ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлік жолмен көшіп отырады. Қазір де Англияда жер коронының меншігі болып табылады, сондықтан жерді пайдалану құқығы шектеулі.

Вильгельм I кезінде-ақ салық жинау жақсы жолға қойылған болатын, Вассалдардың төлеген салық мөлшерін арнайы орган-король куриясы мұқият тексеріп отырады. Ол органның құрамына король және оның көмекшілері енеді. Король куриясы Генрих I (1110-1135жж.) тұсында жоғары казначействоға айналады. Бірте-бірте король куриясы бақылаушы орган ғана емес, салық жинауға байланысты құқықтық мәселелерді шешетін сот органына айналады. Орталық король әкімдігі азаматтық-құқықтық істермен қатар қылмыстық істерді де қарауына алады. Ауыр қылмыстарды қарау король сотының юрисдикциясына көшеді.

Король соты Лондонда қоныс тепті. Жеке тұлғалар король сотына бірден талап арыздарын бере алмайды. Ол үшін алдымен лорд-канцлерден рұқсат алуы қажет болады. Лорд-канцлер азаматтың талап

арызын король сотына беру туралы бұйрық шығарады. Ондай бұйрықты кез келген азамат ала алмады, өйткені ол үшін төлемақы төлеу қажет еді. Мұның өзі король сотының беделін көтереді. Ірі жер иелері өздері үшін король сотына жүгінуді жоғары мәртебе деп санады. Шағым, арыз берушілердің көбеюіне байланысты король сотының қарауына істі беру туралы бұйрықтар көптеп шығарылады. Король сотының құзыреті кеңейіп, соттық функциясы нығаяды. Король билігін нығайтып, король соты жалпы юрисдикциялы сотқа айналып, графтықтар соттар, феодалдық соттар мен шіркеу соттарының құзыреті шектеледі. Қаржы, жерге жеке меншік, ауыр қылмыстық істерді тек король соты қарайды.

Король соттарының шешімдері арнаулы кітаптарға тіркеліп, төменгі соттар үлгі ретінде қолдануға міндеттеледі.

Король соты (XI-XIII ғғ.) өз шешімдерін үксас істерді қарауда үлгі ретінде қолданады. Сөйтіп сот прецеденті қалыптасады. Басқа соттар (графтық соттар, шіркеу соты) үшін міндетті түрде король сотының шешімін үлгі ретінде қолдануға міндеттеледі.

Сонымен, жалпы құқық - Вестминстерлік соттар жасаған сот практикасы. Англияда сот практикасы құқық нормаларын қолданып қана қоймайды. құқықтық нормалар жасаумен шұғылданады.

XIV-XV ғғ. король сотының қарауында істердің көбеюі, капиталистік қатынастарды реттеуде лорд-канцлердің ролі арта түседі.

Континенталдық Еуропаға қарағанда Англияда король билігі күшті болады. Франция мен Германияда феодалдар жеке дара билікке ие болып, үстемдіктерін заңмен бекітуге тырысқан. Жерге байланысты даулар XII ғ. дейін жергілікті әділсоттың қарауына жатқызылса, енді король сотының қарауына көшеді. Король сотының отырысы Вестминстерде өтеді. Бірте-бірте корольдің көшпелі соттары пайда болады.

Ағылшын құқығының шешуші кезеңі-IV кезең-құқықтық шығармашылық кезеңі. Англияның лекеттік механизм! мен құқықтық жүйесінің трансформацияға ұшыраған кезі. Сот және құқықтық реформалар жүргізіледі. Нәтижесінде соттардың құқығы тенестіріледі. Соттар әділет құқығымен қатар жалпы құқық нормаларын бірдей дәрежеде қолданады.

Дегенмен, 1832 ж. сайлау реформасынан кейін Парламенттің заң шығару функциясы күшейе түседі. Капитализмнің даму барысында қалыптасып келе жатқан қарым-қатынастарды реттеуде прецеденттік құқықтан гөрі статуттық құқық болып шығады. Статуттық құқық дегеніміз- Парламент қабылдаған жазбаша актілер.

Парламент статуттары ресми басылып отырады. 1810-22 жж. аралығында Парламенттің XIII ғасыр мен 1711ж. аралықтарындағы статуттары 9 том болып жарияланған. 1870-78жж. жаңа ресми басылым «Қайта қаралған статуттар» жинағы жарық көреді. Бұл дәстүр бүгінге дейін жалғасып, Парламент актілері жыл сайын жүйеленіп, жарияланып тұрады.

Жалпы құқық XV-XVI ғасырларда жаңа қалыптасып келе жатқан капиталистік қатынастарды реттеуге бейімделеді.

Сонымен, жалпы құқықтық жүйеге тән ерекшеліктері

- жалпы құқықты қалыптастырған практик-зангерлер;

- жалпы құқық нормаларын қалыптастырған нақты мәселелерді шешуге тырысқан король соттары болғандықтан болашақта болып қалуы мүмкін жағдайларды ескермейді. Сондықтан да бұл топқа жататын елдердің құқығы кодификацияланбаған;

- ағылшын-америка құқықтық жүйесінде сот иреледенті гүлденіп, даму үстінде. Соған қарамастан қазір кезеңде құқықтың қайнар көзі ретінде заңнаманың ролі арта түсуде;

- жалпы құқықтық жүйеге жататын барлық мемлекеттерде присяжный соты институты жақсы дамыған деуге болады. Аталған институттың АҚШ және Англия құқығына тигізген әсері күшті.

1 Марченко М.Н. Теория государства и права. Учебник. - 2-е изд., перераб. и доп.-М.: Проспект, 2006.-640с. Теория государства и права. Учебник Под ред. А.У.Бейсеновой. - Алматы: Атамұра, 2006.-392с. Өзбекұлы С, Қонабаев Ө. Мемлекет және қырық теориясы. Оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 2006.-264б.

2 Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: Пер. С фр. В.А.Туманова. -М.: Международные отношения, 1996. - 400с.

3. Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: Пер. С фр. В.А.Туманова. - М.: Международные отношения, 1996. - 400с. Саидов А.Х. Сравнительное правоведение (основные правовые системы современности}. Учебник/Под ред. В.А.Туманова. - М., 2005. -448с.

Резюме

В статье автором рассмотрены этапы формирования семьи общего права.

Summary

In the article the stages of the forming of the common law were researched.

СУЩНОСТЬ КОНСТИТУЦИОННЫХ ОСНОВАНИЙ ОГРАНИЧЕНИЙ ОСНОВНЫХ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Г.М. Сагынбекова -
к.юм., соискатель-докторант Академии МВД РК

Современная концепция правового государства, в соответствии с которой государственная власть максимально ограничивается естественными правами и свободами, запрещает властное вмешательство в сферу гражданского общества и обязывает государство предоставлять человеку и гражданину гарантии соблюдения и защиты его свободы и собственности.

Вместе с тем, еще до появления первых государств общество вынуждено было искать решение проблемы ограничения негативного поведения его членов. Закрепление первых правовых обычаев, норм - табу предопределялось именно этими причинами. Появляющиеся правовые традиции, обычаи за счет предписанных в них ограничений закрепляли необходимые границы, рамки должного поведения.

Они закрепляли выработанные веками наиболее рациональные, полезные для общества, варианты поведения в определенных ситуациях, передавались из поколения в поколение и отражали в равной степени интересы всех членов общества. В более позднее время появились тесно связанные с обычаями и отражавшие существовавшие в обществе представления о справедливости, добре и зле нормы общественной морали и религиозные догмы. Все эти нормы постепенно сливались, чаще всего на основе религии, в единый нормативный комплекс (мононормы), обеспечивавший достаточно полную регламентацию еще не очень сложных тогда общественных отношений. Такими обычаями, одобренными моралью и освященными религией, были в первобытном социуме нормы, определяющие порядок обобществления добытого членами сообщества продукта и его последующего перераспределения, которые всеми воспринимались не только как правильные и безусловно справедливые, но и как единственно возможные [1].

С появлением первых государств появляются иные источники права. Нормы поведения возводятся в закон, который поддерживается и охраняется силой государства.

Правовые ограничения поведения использовались, к примеру, в римском праве, выделявшем понятие «сервитута» - права пользования чужой вещью в определенных пределах. Сервитут устанавливался в интересах какого-либо лица, либо в интересах какого-либо имущества. Ограничение собственника сводилось к тому, что ему запрещалось вредить другим лицам, пользуясь своим правом только для того, чтобы нанести им вред. Кроме того, в римском праве существовали границы, которые собственник не должен был нарушать при пользовании и распоряжении своим имуществом. Эти ограничения подразделялись на две группы: ограничения в интересах соседей землевладельца и ограничения, осуществляемые в интересах государства.

Необходимость подобных правоограничений собственника признается и в современных условиях. Как сказано в статье 6 Конституции Республики Казахстан: «Собственность обязывает, пользование ею должно одновременно служить общественному благу» [2].

Очевидно, что абсолютной свободы не существует. Гегель отмечал, что «когда говорят что свобода состоит вообще в том, чтобы делать все, что угодно, то подобное представление свидетельствует о полнейшей отсутствии культуры мысли, в котором нет и намека на понимание того, что есть сами в себе и для себя свободная воля, право, нравственность и т.д.» [3].

Если человек осознанно переступает пределы дозволенного поведения, нарушает установленные ограничения, совершает преступление или иное правонарушение, он действует несвободно, для него наступают нежелательные последствия материального, физического, психического характера, предусмотренные соответствующей нормой права (юридическая ответственность). Поэтому по-настоящему свободный человек осознает границы правомерного поведения и действует в их пределах.

И.А. Ильин писал: «Ограничивая свободу каждого известными пределами, право обеспечивает ему за то беспрепятственное и спокойное пользование своими правами, т. е. гарантирует ему свободу: внутри этих пределов. Свобода каждого человека простирается лишь до той границы, от которой

начинается свобода других людей. Стремясь установить эти границы, право содействует тому, чтобы в совместной жизни людей воцарился порядок, «основанный на свободе» [4].

По этим причинам установление прав и свобод в нормах закона на самом деле представляет собой определенное ограничение естественного права, с точки зрения уточнения границ реализации, определения разрешенных форм и методов претворения его в жизнь - дозволено все, что не запрещено законом. Таким образом, реализация субъективных прав должна быть подчинена общесоциальным целям, выражающим интересы всего общества и, соответственно, интересы самого индивида. Поэтому насколько естественными являются права человека, настолько же естественны и их ограничения.

Как справедливо заметил В.Н. Кудрявцев: «Требовать ликвидации всяких ограничений человеческого поведения - значит, по существу оправдывать противоправное и преступное поведение, допускать ущемление прав и интересов других лиц и общества в целом» [5].

В юридической литературе под правовыми ограничениями понимают: «сознательно установленные обществом запреты»; «изменение содержания и объема нормы права»; «осуществляемое в соответствии с предусмотренным законом основаниями и в установленном порядке сужение объема права (свободы)»; «изменение содержания прав человека, которое не должно касаться его сущности»; «отклонение от правового равенства, когда сужается объем прав и свобод или расширяется объем обязанностей»; «лишение или сужение субъективного права»; «изъятия из правового статуса гражданина в силу определенных обстоятельств» и т.п. [6].

Наиболее подробный анализ понятия ограничений с точки зрения общей теории права дан А.В. Малько. Исследовав правовые ограничения в различных отраслях права и сделав ряд обобщений, он предлагает следующее определение понятия правового ограничения в широком смысле: установленные в праве границы, в пределах которых субъекты должны действовать. Правовые ограничения, - по мнению А.В. Малько, - выполняя негативную (отрицательную) мотивацию по отношению к собственным интересам субъекта, играют одновременно положительную роль в правовом регулировании поведения, ибо направлены, в конечном счете, на обеспечение социально-полезных интересов контрсубъекта, общества в целом [7].

Общепризнанные идеи демократического, правового государства и гражданского общества основаны на признании приоритета прав человека. Но демократия невозможна не только без установления широкого спектра прав и свобод граждан, но и без правовых запретов и ограничений, направленных против различного рода антиобщественных явлений. Поэтому проблема пределов свободы человека в обществе в общем плане есть проблема правовых ограничений.

Ограничения - меры, направленные на реализацию позитивных прав и свобод человека и гражданина, исключающие нелегитимные способы их реализации. Ограничения есть форма реализации позитивных действий и исключение действий негативных.

Ограничения можно классифицировать на экономические, политические, социальные, правовые. Исходя из формы права, закрепляющей ограничение можно выделить конституционно-правовые ограничения, ограничения, устанавливаемые законами, подзаконными актами, судебными решениями. По субъекту: ограничения прав физических и юридических лиц, а также общие (действующие для всех лиц) и индивидуальные (для конкретных лиц). По времени действия: постоянного или временного характера (на конкретный срок или в чрезвычайных условиях). В зависимости от правового статуса ограничения прав: иностранцев; государственных служащих; должностных лиц и т.п. [8]

Ограничения прав и свобод граждан допустимы только в том случае и в той мере, в каких они: 1) предусмотрены законом конкретного государства; 2) соответствуют нормам международного права.

Определение допустимых пределов ограничений основных прав и свобод мы находим в нормах Конституции Республики Казахстан. В Основном законе нашего государства закреплено, что ограничения прав и свобод человека и гражданина могут быть установлены в следующих целях: поддержание правопорядка; обеспечение государства; защита прав и свобод иных граждан; охрана здоровья и нравственности населения.

На наш взгляд, подобная формулировка целей ограничений основных прав и свобод граждан является конституционной гарантией, условием эффективности обеспечения и защиты прав каждого законопослушного гражданина государства.

1. Теория государства и права: Учебник / Под ред. проф. В.Я. Кикотя, проф. В.В. Лазарева. - М., 2007. - С. 65.
2. Республика Казахстан. Конституция от 30.08.1995 г. (с изм. и доп.) - Алматы: Юрист, 2009. - 40 с.
3. Гегель Г.В.Ф. Философия права: история и современность. - М., 1990. - С. 80.
4. Ильин И.А. Общее учение о праве и государстве (фрагменты) // Правоведение. - 1992. - № 3. - С. 93-99.
5. Кудрявцев В.Н. Закон, поступок, ответственность. - М., 1986. - С. 72.
6. Исаков В.Б. Принципы, пределы, основания ограничения прав и свобод человека по российскому законодательству и международному праву // Государство и право. - № 7. - 1998. - С. 23; Крусс В.И. Принципы, пределы, основания ограничения прав и свобод человека по российскому законодательству и международному праву // Государство и право. - № 8. - 1998. - С. 62; Братко А.Г. Запреты в советском праве. - Саратов, 1979. - С. 22; Мектепбаева С.К. Пределы конституционно-правовых ограничений прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан: Дис.к.ю.н. - Алматы, 2008. - С. 40 и др.
7. Малько А.В. Стимулы и ограничения в праве: Теоретике - информационный аспект. - Саратов, 1994. - С. 59.
8. Квитко А.Ф. Конституционно-правовые основы ограничения прав и свобод человека и гражданина в Российской Федерации: Автореф. дис... к.ю.н. - М., 200[^]. - С. 13.

Түйін

Конституцияға сәйкес адам және азаматтық негізгі құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулықты сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін. Автор құқықтық шектеулердің түсінігін бере отырып, олардың конституциялық негіздерін қарастырады.

Summary

In accordance with the main rights and liberty Constitution of the person can be limited by law for provision of state safety, public order, protection of the rights and liberties of the other people. Author gives notion to constitutional restrictions of the rights and considers constitutional rates about them.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ
АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО И ФИНАНСОВОЕ ПРАВО

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢДАРЫ БОЙЫНША ЖЕР ҚҰҚЫҚТАРЫШЫҢ
СУБЪЕКТІЛЕРІ

Е.Ш.Рахметов -

*заң гыл.к, аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
қаржылық және инвестициялық УЛҚЫК кафедрасының меңгерушісі*

Отандық құқықтық тарихта нарыққа өту кезеңінің ерекшелігі, механизмдерді қалыптастыру бойынша жұмыс басталды, онда жер қатынастырының субъектілері өзінің дербестігін білдіре алды. Республиканың Нарықтық Негізгі Заңы және салалық нормативтік құқықтық актілер жеке меншік иелері мен жерді пайдаланушылары құқықтарының заңгерлік нығайтуын анықтады және олар өздерінің субъектілік құқықтарын дербес жүзеге асырудың нормативтік шарттарын (шектерін) белгіледі. Егер салалық нормативтік қатынастар туралы айтатын болсақ, онда жер құқықтары үшін жер экономикалық санатты. табиғи пайда болған нысанды, жеке меншік және жерді пайдалану нысанын білдіреді. Жер құқығының салалық нормалары сондай-ақ елдің жер қорын, жер алқаптарын, оның жеке жер телімдерін пайдаланумен, қорғаумен, басқарумен байланысты қатынастарды реттейді. Жер мемлекеттің аумақтық кеңістігі, әкімшілік-аумақтық бірлігі, мемлекеттік егемендіктің таратылу кеңістік шегі мағынасында басқа саяси ардың нысаны болып табылады.

Қалыптасып келе жатқан жер қатынастарына құқықтық әсер етудің жаңа әдістерін қалыптастыру бірнеше соңғы жылдар ішінде қолданыстағы Кодексті қабылдағанға дейін теңдей емес жүргізілді және норма шығармаиылық тәжірибенің қорытындылағы мәз емес. Осыған байланысты жер қатынастыры субъектілерінің көпшілігіне, атап айтқанда, телімлерінің жаңа иелеріне және мемлекеттік емес жерді пайдаланушыларға өз құқықтарын жүзеге асыруыш ішғыларын өзіміз игереміз. Атап айтқанда, жер қатынастырының реттеу және жүзеге асырудың заңгерлік негіздерін үйрену, арнайы кеңес берушілік және маман-тәжірибелердің көмегімен келешекте алдын ала құқықтық және экономикалық әзірлеу дағдысын әзірлеу.

Енгізілген нормативтік жаңалықтар аясында белгілі болғаны, барлық жер телімдері немесе оларға деген құқықтар, қорғаныс қажеттіліктері үшін жатпы пайдалану жерлерінен, аса табиғи қорғаныстағы, сонымен қатар қызметтік жер қажеттілігін телімдері. сонымен қатар жер істері азаматтық-шарттық мәмілелердің нысандары болуы мүмкін.

Осы жаңалықтардың бастамасы «Жер туралы» Жарлықта қойылд, осы жаңа ережелер бөлшектеіі.

Мемлекетік жеке меншікте болған жерлі бз;кар\ ауданның арнайы жер қорын құру арқылы уәкілетті мемлекеттік атқарушы органдармен жер телімдерін жеке меншікке немесе жерді пайдалануға ұсыну; жер телімдерін жеке меншік немесе жерді пайдалануға ұсыну немесе тартып алу; жер телімдерін қазу жұмыстарын жүргізу үшін жер телімдерін уақытша толтыруға рұқсаттар беру. Қазақстанның көптеген аймақтарына осы үрдістегі : - лг-ындылықтың түрлі деңгейінде сипатталды, көбі жер теліміне. шаруашылық жүргізуінде және басқа да маңызды жағдайларға байланысты.

Осы үрдістер билік органдарының жер ісін ұйымдастыру сұрақтарына деген түрлі тәсілдерімен де сипатталды. және осының нәтижесінде ретінде жеплі пайдалану субъектілерінің және жерді пайдалану құрылымының құрамы өзгерді, жерді пайдаланудың іс-мемлекеттік емес түрі басты болды. Бірінші рет жер телімдерінің жеке меншік иелерінің және тұрақты мемлекеттік емес жер пайдаланушылардың қауымы құрылды, мемлекеттік заңды тұлғалардың меншігінде қалған жер үлестері тиісті түрде қысқартылды, қазіргі жер нарығын құру үшін ұйғарымдар құрылды.

Қазақстандық заң шығарушы токсаныншы жыйындарда жер қайта құруларының жаңа кезеңін құрады, ол ауқымдылығымен, жерлерді шаруашылық және нарықтық айналымға тартуымен сипатталды. Сонымен қатар жасалып отырған қадамдар жер қайта құруларын институционалды, материалдық-техникалық, кадрлық және идеологиялық қосамасыз етудің мәселелерін анықтады [№, б. 24-28]. Жеке меншікті енгізген соң, жерге қатысты мемлекеттік меншікті басқару іс-саясаты жаңа мазмұны иеленді. Бірінші кезекте осы жерде жер нарығында жаңа ойыншылар пайда болғанын айту керек, олардың бір қатар ерекшеліктері болды.

Жаңа жағдайларда мемлекет оған бұрын тиесімсіз емес рольді атқара бастады, атап айтқанда, жепді басқару құқығы дегеніміз енді жерді сатуды немесе жеке меншікке қайтарусыз беруді, мемлекеттік меншіктегі жерлерді тұрақты немесе уақытша пайдалануға беруді білдірді. Қалыптасқан жағдайлар осы процедуралардың шектерін анықтауды талап етті. Мемлекет жер нарығының барлық қатысушыларының

тиісті мінез-құлқының тиісті шектерін орнату маңызды болды және осы кезде мемлекеттік өзі осы ережелерді орындау керек.

Алайда, жер саласында нарықтық қатынастарды орнату үшін бастапқыда объективті қиыншылықтар кездесті. Осы қиыншылықтардың барлығы жер айналымының көптеген субъектілерінің құқықтық дайындалмағандығына байланысты жер қызметтері мен аймақтық әкімдіктер тарапынан түрлі заң бұзушылықтарға апаратын жолдардың пайда болуына апарды. Қатардағы азаматтар - жеке меншік иелері мен жерлерді пайдаланушылар қажетті істерді жүргізу әдейі созылып жүрген жағдайларға тап болды, заңсыз ақшалар жиналып және адамдар өз құқықтарын жүзеге асыру кезінде өте жағымсыз жағдайларда болды.

Жеке меншік иесінің жағдайын нығайту үшін, оның еркін шаруашылық субъектісі ретіндегі мүддесін ынталандыру үшін жер құқықтарын тіркеудің тиісті жүйесі ықпал ету керек. Ол мәні мен мағынасы бойынша барынша түсінікті болу керек. Осының барлығы жер телімдері меншік иелерінің қауымдастығын қалыптастыру үшін және жердің нарығын құру үшін қажет.

Жерге деген құқық екі маңызды санаттарға - меншік құқығы және пайдалану құқығына бөлінуіне байланысты меншік құқығы бар субъектілерге тиесімді қасиеттерді көрсетеміз. Жеке және занды тұлғаларға тиесімді құқықтардың осы түріне аса назар аудару керек, өйткені осы құқықтар жаңартылған жер заңдары негізінде қалыптасты. Қазақстандық заң шығарушы кеңес одағынан кейінгі бірінші нормативтік актілерде өзінің позициясын осы күрделі сұрақта білдірген. Осылай, меншік иелері - жер телімін иеленетін, пайдаланатын және басқаратын азаматтар мен занды тұлғалар. Олар өзінің жер теліміне қатысты занды актілемен тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді орындай алады, тап айтқанда, басқа тарапқа келіскен баға сатуға, шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына жарна ретінде енгізуге, кепілге беруге, мұрагерлік құқық ережелеріне сәйкес кепілге беруге және мұрагерлікке беруге.

Сонымен қатар, жаңа заң шығарушы кешенге сәйкес жерге қатысты жаңа уәкілеттіктерге иеленген жер құқықтарының субъектілері жерді пайдалану нұсқаларында шектелген. Бірінші нарықтық нормативтік құқықтық актідегідей - «Жер туралы» Жарлықта (Жер туралы» 196.), сонымен қатар Қазақстан Республикасы қолданыстағы Жер кодексінде де (25 б.) заң шығарушы құқық иеленушілерге қатысты айтарлықтай шектеуді қарастырған, оған сәйкес мәмілелер жер телімінің мақсаттық бағыттылығысыз жүргізілуі мүмкін.

Жоғарыда біз жер заңдарымен құқық иеленушілерге қатысты орнатылған шектеулерді ұсындық, яғни аталған шектеулер жер меншік иелірінің және жерді пайдаланушыларының барлық түрлеріне қатысты. Алайда жер құқықтары субъектінің құқықтық мәртебесін толық сипаттау үшін құқық иеленушілердің санаты екі топқа бөлінетінін айту керек. Сонымен қатар жерді пайдалану субъектілерін бөлу өте маңызды. Бұл бөлу жер теліміне деген құқықты иеленудің заңды негіздеріне байланысты. Бұл меншік иелерін бірінші және екінші пайдаланушыларға бөледі. Екінші пайдаланушылардың құқықтары бірінші пайдаланушылардың құқықтарынан шығады және әрқашан белгілі уақыттық шектермен анықталады. Екінші пайдаланушы өзінің құқықтарын басқа пайдаланушыларға беер алмайтын уақытша пайдаланушы болып табылады. Екінші пайдаланушының мерзімі бастапқы шартқа байланысты және бірінші уақытша пайдаланушының мерзімінен аса алмайды. Екінші пайдаланушы жер телімінің мақсаттық бағытталуын бұзуға апармау керек.

Жер құқықтарының бөлінуінің тағы да бір қағидаты: олардың мемлекеттік иелігінде болуы және жер құқықтарының иелері осы құқықтарды басқарудан еркін болуы. Жерді пайдалану түрлі әдістермен жүзеге асырыла бастады, заң шығарушы азаматтық-құқықтық формаларды енгізуді жөн көрді, ал жерді пайдалануға қатысты болса: мемлекеттік немесе мемлекеттік емес, тұрақты немесе уақытша; жатсындырылатын немесе жатсындырылмайтын; ақылы немесе ақысыз иеленген,

Жерді пайдалануды түрлерге бөлу жер құқықтары субъектілерін жіктену ұқсас қағидаттар бойынша сипатталды. Қолданыстағы заңдылықы бойынша: жерді пайдалану субъектілері келесілерге бөлінеді; 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес; 2) ұлттық, шетелдік, сонымен қатар азаматтығы жоқ тұлғалардікі; 3) жеке және заңды тұлғалардікі; 4) тұрақты және уақытша; 5) бірінші және екінші. Көрсетілген бөлу қағидаттары мен олардың иелері өте ұқсас, бұл жер құқықтары субъектілерінің құқықтық мәртебесі мен осылардың жерге деген құқықтар ерекшеліктерін сипаттайды.

Жер заңдарында және заңға тәуелді деңгейлердегі нормативтік актілердің ережелерінде жерді пайдаланудың негіздері мен мағынасы толық берілген. Осы жіктеуде құқық субъектілерінің жер мен жерді пайдалану құқықтарына қатысты өкілеттіктер көлемінің дифференциациясы негізделген. Бәрінен бұрын субъектінің түрінен, оның құқықтық мәртебесінен оның жер құқықтары, ұсынылған уәкілеттіктер көлемі анықталады. Мысалы, шетелдік азаматтарға және заңды тұлғаларға қатысты белгілі шектеулер орнатылады; ұқсас шектеулер сондай-ақ «Жер туралы» Жарлықтың 40 б. 2 т. бар, олған сәйкес субъектілердің осы санаты жер телімдерін тұрақты пайдалануға алуға құқылы емес болады. Транзиттік кезең заңдарында (90- шы жылдар) мемлекеттік және мемлекеттік емес жерді пайдаланушыларының құқықтарында айтарлықтай айырмашылық болды. Соңғылар өзінің қалауы бойынша жер телімге қатысты

құқықты жатсындыруға, оны жалға беруге, кепілге беруге, жер теліміне байланысты басқа да мәмілелер жасауға құқылы болды. Ұқсас мүмкіншіліктерді талдау олардың құқықтық мәртебесі жер телімі меншік иесінің мәртебесіне теңестірілгенін айтуға болады, Бұл «Жер туралы» Жарлықтың 43 бабымен реттелген және осыған қарсылық ретінде мемлекеттік заңды тұлғалар, тұрақты пайдаланушылар ретінде заңмен қарастырылған жағдайларда, сондай-ақ оларға тиесілі құқықты кепілге бере алды. Осындай жағдайлар қолданыстағы заңдылыққа сәйкес: 1) орнатылған тәртіпте жер телімінде орналасқан жылжымайтын мүлікті жатсындыру; 2) мүлікті кепілге беру, бұл кепілдік берушінің келісімісіз ұйғарылды.

Жер ортасына цивилизацияның және нарықтық механизмдері кіруіне қарамастан, олар нарық айналымы үшін әмбебап болып көрінді, және заңдылық пен тәжірибеде анықталған қағидаларды ұстану керек болды. Олардың ішінде жер құқықтарының ұстамдылығын айтуға болады. Ол жер құқығының ең басты және ең маңыздысы болып отыр және жер иелері мен жеп пайдаланушылардың мүліктік құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар ол жер қатынастарының тұрақтылығын, тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ұқсас салалық қағидалық ережелерсіз құқық иеленушілердің жерлерді пайдалануға деген ынтасын көтеруге мүмкін емес. Жер саласының түрлі нормаларында айтылуы мүмкін ереженің жұмыс жасауы жерлерді жеке меншікке берумен сипатталады. Ұқсас жағдайларда жер құқықтарының иелері беретін кепілдіктер жер телімдерін шектеу және мақсаттық бағыттылығын өзгертуге қатысты қатаң шектеулерді орнату арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттің уәкілетті органдары жұмыс жасау керек қатаң шектер жерлерді санаттандың бір түрінен екінші түріне ауыстыруға байланысты жұмыс жасау керек, Кез келген тартып алудың міндеттілігін нақты болу керек; жер құқықтарыш тоқтату да айрықша түрде болу керек. Нормаланған ережелердің барлық кешені жер телімдері мен жер пайдаланушылардың барлық санаттарын анықтау кезінде өте маңызды роль атқарады.

Соңғы он жылдықтың норма шығарушы тәжірибесі көрсеткендей, жер саласында жеке-құқықтық реттеушілердің өсуіне рұқсат етіледі, бұл өз тарапынан меншік құқығы мен жерді пайдалану құқықтары субъектілерінің қатынастарын реттеуге ықпал келтіріледі. Алайда, жеке-құқықтық реттеушілердің өсуіне қарамастан, келешекте жер заңдары мемлекеттің артынан оның бұрынғы негізгі функцияларын қалдыру керек, ал кейбіреулері бойынша мемлекеттік қадағалау тенденциясы осы керек. Жер телімдері кімнің иелігінде екеніне қарамастан, мемлекет республиканың жер қорын басқаруды жүзеге асырады. Мемлекеттің артына ұйымдастыру, қадағалау, норма шығарушы және құқық жүзеге асыру функцияларын бекіту жер-құқық реттеу сұрақтардағы қажетті деңгейді анықтайды.

Жер саласындағы кез келген белсенді әрекет ретінде, жерге қатысты құқықтар субъектілерінің белсенділігі нормативтік шектермен заңды түрде шектелу керек, яғни қарсышықтың тиімді механизмдері құрылу керек. Меншік құқығы және жерді пайдалану құқықтары субъектілерінің құқықтық бостандығын кеңейту ретінде жерге қатысты құқық бұзушылықтар *шұт* жауапкершілік артты. Сонымен қатар санкциялар құрылымында да мүліктік эсер ету шаралары басым екенін айту керек. Өте маңызды құқық бұзушылықтық субъектісі, шығын болуын, қоғамдық қауіп және т.б. байланысты санкциялардың түрі мен мөлшеріне қатысты тереңдету өте маңызды болып отыр. Заңдылықта қазіргі уақытқа дейін жер саласындағы шығындар құрылымы реттеуін алды. оларды өтеуге қатысты нарықтық тәсіл орнатылды.

Отандық заң шығарушының жер телімі мен :егл: пайдалану құқықтарына қатысты жеке меншік құқық субъектілерінің құқықтық ережесі сұрақтарына қатысты айту керек, заң шығарушы осы сұрақта әр мерзімде кезекті болмаған. Отандық жер заңдарының әзірлеушілері түсінбейтіні, осы заң қаншалықты маңызды болса да, оны енгізу акт дер секторының барлық мәселелерін шешпейді. Осы жағдай аграрлық сектор саласында барынша орын алды, онда меншік құқықтары мен жепді пайдалану құқықтарының субъектілері соңғы кезеңде игерілген. Осы жерде Н.А. Сыроедовтың пікірі өте орынды, жеке меншік өзінен өзі оның субъектіне қатысты абсолюттік кепілдіктерді құрмайды. Шаруашылықты дамыту үшін меншік түрі маңызды емес. Ең бастысы жұмыс жасайтын субъектілерге тәуелсіздік беру, құзырсыз килігуді болдырмау, шаруашылық істерді жүргізілуін берілсін» [№, б. 10].

Жерге деген жеке меншік құқығын қазіргі жер қатынастарының құбылысы ретінде бағалай отырып, оны элеуметтік және реттеуші бағыттылығы бар компоненттер ретінде талдау керек.

Осы жерде біз неміс сарапшысы Йене Деппенің көзқарасын келтіргеніміз дұрыс болар. Оның ойы бойынша, мемлекеттік жеке меншікті жеке қолдарға кез келген емес және кез келген емес түрде беру ескі жүйесімен салыстырғанда артықшылыққа ие. Және осының барлығы әсіресе ауыл шаруашылығына қатысты» [№, 6.89]. Осы мәселеге экономикалық салада назар аударылды. Нарықтық реформалардың ең басты кезеңінде А.К. Кошанов меншік қатынастарын зерттей отырып, жеке меншік түрлерінің нақты біреуін абсолюттеуге болмайды.

Жер құқықтары субъектісінің нормативтік мәртебесін анықтау кезінде салалық заң жобалардың әзірлеушілері әрқашан жер саласындағы қайта құруларға қатысты кешенді тәсілді қамтамасыз ету керек.

Бұл жерде көп нәрсе ұйымдық-құқықтық шаралар экономикалық, элеуметтік тәртіпке қанша үйлесетініне байланысты. Мемлекет тарапынан жүргізілетін тиісті шаралардың кешені жерлерді

айналымға тарту жүзеге асырылу үшін керек.

Жер құқықтарының барлық субъектілерінде заң жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету бойынша жерлерді тиімді пайдалану бойынша тең жауапкершілігін жүктейді. Бұл - жер заңдарының талабы, ол жер қатынастары субъектінің кез келген өкілеттілігін ілестіреді және жер-құқықтық реттеудің ең негізгі және дәстүрлі қағидаттарының бірі болып табылады. Оның ерекше орыны мен қағидаттар жүйесінде мағынасы профессор Н.И. Красновпен нақты анықталды. Ол былай жазған: егер жерлерді тиімді пайдалану мәселелері құқықтың басқа салаларында олардың мағыналарының қандай да болса бөлігін құрайтын болса, онда жер құқығында ол барлық жер қатынастарының құқықтық реттеуінің жалпы бағытын анықтайтын негізгі, басты идея болып табылды, және «құқықтық нормалардың негізін құрайтын» белгілі негіздейтін, бірлестіретін бастауды құрайды»¹ [№, с. 39-40].

Заңдылықтың өзгеруіне және жер құқықтары иелерінің (субъектілерінің) құқықтық мәртебесін өзгертуіне байланысты, осы қағидатты ереженің мазмұны үзіліссіз өзгеруде, осы қағидатты білдіретін талаптар тұрақты түрде қатаң болып барады. Осында жер ресурстарына қатысты ұқыпты қатынастың қажеттілігі білінеді, қоғамның экологиялық мүдделерін меншік иелері мен жерді пайдаланушыларының экономикалық мүдделерін ұтымды үйлестірудің реттеуіне қатысты тәсілдер анықталады. Осы кезде ұтымдылық бірінші кезекте жерлердің негізгі мақсаттық бағыттылығына байланысты түрлі нақты мазмұнға ие болады. Заңдылыққа сәйкес, жер телімдері меншік иелері мен жерді пайдаланушылармен олардың негізгі мақсаттық бағыттылығына сәйкес пайдалану керек - осы талап Жер кодексінің 65 б. айқындалған. Жер телімінің мақсаттық бағыттылығын анықтаусыз меншік құқығы немесе жерді пайдалану құқығы пайда болуы мүмкін емес, яғни нақты субъектінің мәртебесі мен өкілеттіктер шектер: жерге қатысты оны пайдалану мақсаттарымен тікелей байланысты. Мақсаттық бағыттылықты өз еркімен өзгерту айтарлықтай құқық бұзушылық болып табылады және заңдық жауапкершілік үшін негіз болуы мүмкін. Жер құқықтары субъекті тарапынан ұқсас істердің салдарлары ретінде жеке меншік немесе жерді пайдалану құқықтарын тоқтатуды айтуға болады,. Басқа сөзбен айтқанда, жерлерді мақсаттық пайдалану барлық жер заңдарының арнайылығын білдіретін негізгі қағидалардың бірі болып табылады және сол уақытта жер құқықтары субъектілерінің құқықтық жағдайын да тікелей анықтайды, олардың тиісті мінез-құлқының құқықтық шектерін анықтай отырып.

Жер құқықтары субъектілерімен, олардың шеңберін. олардың өкілеттіктерінің шектері мен көлемдерін анықтаумен байланысты сұрақтар эрқашан өте маңызды болып табышады, өйткені олар дұрыс шешуден өркениетті жер нарығының қалыптасуы мен дамуы байланысты. Жер құқықтары иелерінің мәртебесін өзгерту салыстырмалы қысқа мерзімде орын алғанын ауыл шаруашылық өндірісін осы сұрақтар өте маңызды. Жер құқықтары субъектілеріне қатысты сұрақтарды қарастыра отырып, біз е себептер бойынша олардың осы саласындағы спецификасымен кездесеміз. Біріншіден, біздің еліміз ауыл шаруашылық өнімін өндіретін өндіруші ел болып табылады, және осы салада жер құқықтары бар және заңды тұлғалар заңды қорғаныстың жеткілікті деңгейінің болуы өте маңызды. Екіншіден, осы саладағы өзгерістер кезінде жеткілікті тұрақты қарсыластықты туындатты, нәтижесінде осы санатта субъектілердің құқықтарын заңды рәсімдеу сұрақтарында мемлекет мақсаттық бағытталған және болжамалы саясатты жүргізу керек.

РАССУЖДЕНИЯ О ФАКТОРАХ НАРУШЕНИЯ ПРАВ ГРАЖДАН СОТРУДНИКАМИ ОРГАНОВ ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ ВЛАСТИ В СФЕРЕ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ЮРИСДИКЦИИ

А.Ф.Сулейманов -
к.ю.н., доцент

В Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года было определено, что «Развитие системы государственного управления в Казахстане неразрывно связано правовым обеспечением административной реформы, направленной на создание эффективного компактного государственного аппарата, внедрение новых управленческих технологий совершенствование административных процедур.» [1].

Говоря другими словами, в новом десятилетии Казахстану нужна новая правоохранительная система, соответствующая высоким международным стандартам правоохранительной службы демократическом государстве. А чтобы такая система получила свое развитие «нам предстоит обеспечить жесткий парламентский и общественный контроль, поэтому требуется усовершенствовать систему отчетности и оценки деятельности каждого правоохранительного органа...» [2].

Данный формат развития правовой системы государственного управления не возможен

совершенствования, как института государственного принуждения в целом, так и института административного принуждения в частности, так как они являются одним из основных правовых рычагов решения вопросов административной реформы в сфере государственного управления.

